

DEXP

ПАЙДАЛАНУШЫ НҰСҚАУЛЫҒЫ

ДК арналған қуат көзі блогы DEXP DPS-450

Мазмұны

Сақтық шаралары	3
Орнату	4
Пайдалану ортасына қойылатын талаптар.....	5
Маңызды ерекшеліктер	5
Қорғау	5
Коннекторлар мен кәбілдердің сызбалары.....	6
Коннекторлар мен кәбілдердің сызбалары.....	7
Техникалық сипаттамалары	8
Монтаждау, сақтау, тасымалдау (тасу), өткізу және кәдеге жарату ережелері мен шарттары	9
Қосымша ақпарат	10

Құрметті сатып алушы!

«DEXP» сауда маркасымен шығарылатын өнімді таңдағаныңыз үшін алғыс білдіреміз. Біз Сізге сапасына, функционалдығы мен дизайнына қойылатын жоғары талаптарға сәйкес әзірленген және дайындалған бұйымдар мен құрылғыларды ұсынуға қуаныштымыз. Пайдалануды бастамас бұрын Сіздің қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпаратты, сондай-ақ өнімді дұрыс пайдалану және күту жөніндегі ұсынымдарды қамтитын осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Осы Нұсқаулықты сақтап қойыңыз және оны бұйымды әрі қарай пайдалану кезінде анықтамалық материал ретінде қолданыңыз.

ДК қуат көзі блогы ДК барлық компоненттерін электр энергиясымен қуаттауға, осылайша жүйенің жұмыс қабылеттілігін қамтамасыз етуге арналған.

Сақтық шаралары

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ: ЭЛЕКТР ТОГЫМЕН ЗАҚЫМДАЛУ ҚАУПІ!

- Орнату өндірушінің нұсқауларына және қауіпсіздік жөніндегі ескертулерге сәйкес жүзеге асырылуы тиіс. Ұсыныстарды сақтамау қуат көзі блогына немесе компьютерлік жүйеге зақым келтіруі және ауыр жарақат немесе өлімге әкелуі мүмкін.
- Қуат көзі блогында кернеуі жоғары электр тогы бар. Қуат көзі блогының корпусын ашуға немесе қуат көзі блогын жөндеуге әрекет етуге тыйым салынады. Онда пайдаланушы қызмет көрсететін компоненттер жоқ.
- Бұл өнім тек үй-жайларда пайдалануға арналған.
- Қуат көзі блогын су көздеріне жақын жерде, сондай-ақ жоғары температура мен ауа ылғалдылығында пайдаланбаңыз.
- Өнімді жылу көздеріне, мысалы, жылыту батареясы, жылыту аспаптары, пештер және басқа жылу көздеріне жақын жерде орнатпаңыз.
- Ашық желдеткіш саңылауларына және қуат көзі блогының желдету торына кез келген заттарды салуға болмайды.
- Құрылғы жинағына кіретін кәбілдерді және/немесе ажырандыларды алмастырмаңыз.
- Егер осы қуат көзі блогында модулді кәбілдер пайдаланылса, тек өндіруші-жеткізген кәбілдерді пайдаланыңыз. Басқа кәбілдер сәйкес келмеуі мүмкін және қуат көзі блогының күрделі зақымдалуына әкелуі мүмкін.
- Құрылғының жұмысында кез келген іркілістер анықталған жағдайда дереу авторландырылған сервистік орталыққа жүгіну ұсынылады.
- Өндірушінің және/немесе осы қауіпсіздік бойынша нұсқаулықтарды сақтамау барлық кепілдіктерді дереу жояды.
- Құрылғы коммерциялық мақсаттарда пайдалану үшін жарамайды.
- Құрылғы балалармен және дене, сенсорлық немесе ақыл-ой қабілеттері шектелген тұлғалармен пайдалану үшін арналмаған, олардың қауіпсіздігі үшін жауапты басқа тұлғалармен бақылау жүргізілетін жағдайларды қоспағанда. Балаларға құрылғымен ойнауға жол бермеңіз.

Орнату

Орнатуды бастамас бұрын, осы нұсқаулықты соңына дейін оқып шығу қажет.

А қадамы: ескі қуат көзі блогын алып шығу.

Егер сіз жаңа жүйені жинап жатсаңыз, онда Б қадамына көшіңіз.

1. Айнымалы ток қуат көзі сымын қабырғадағы электр розеткадан немесе ҮҚК, сондай-ақ қуат көзі блогынан ажыратыңыз.
2. Бейнекартаға, аналық тақтаға және өзге шеткері құрылғыларға қуат көзін жеткізетін барлық кәбілдерді ажыратыңыз.
3. Жүйелі блокты пайдалану нұсқаулығының нұсқауларын орындай отырып қуат көзі блогына демонтаж жасаңыз.
4. Б қадамына көшіңіз.

Б қадамы: қуат көзі блогын орнату.

1. Қуат көзі блогының айнымалы ток кәбілі қосылмағанына көз жеткізіңіз.
2. Жүйелі блокты пайдалану нұсқаулығының нұсқауларын басшылыққа ала отырып қуат көзі блогын орнатыңыз және бірге салынған бұрандалармен бекітіңіз.
3. 24-түйіспелі қуат көзі кәбілін қосыңыз. Негізгі 24-түйіспелі қуат көзі кәбілі алынбалы 4-түйіспелі механизмімен жабдықталған, бұл аналық тақталардағы 24-түйіспелі, сондай-ақ 20-түйіспелі ажырандылармен үйлесімділікті қамтамасыз етеді.
 - Егер аналық тақтада 24-түйіспелі ажыранды болса, оған тікелей қуат көзі блогының негізгі 24-түйіспелі кәбілін қосуға болады.
 - Егер аналық тақта 20-түйіспелі ажырандымен жабдықталған болса, онда 4-түйіспелі кәбілді 24-түйіспелі ажырандыдан ажыратып содан кейін 4-түйіспелі ажырандыны қоспай 20-түйіспелі кәбілді аналық тақтаға қосуға болады.
4. +12 В 4-түйіспелі кәбілді тікелей аналық тақтаға қосыңыз.
 - Егер аналық тақта +12 В 8-түйіспелі ашалы ажырандысымен жасақталған болса 8-түйіспелі ажырандысы бар кәбілді тікелей аналық тақтаға қосу қажет.
 - Егер аналық тақта 4-түйіспелі ажырандымен жасақталған болса, 4-түйіспелі кәбілді 8-түйіспелі ажырандыдан ажыратып алып содан кейін 4-түйіспелі кәбілді тікелей аналық тақтаға қосу керек.
5. Шеткері құрылғыларға арналған кәбілдерді қосыңыз, PCI-Express және SATA кәбілдері.
 - Шеткері құрылғыларға арналған кәбілдерді қатқыл диск және CD-ROM/DVD-ROM қуат көзі ажырандыларына қосыңыз.
 - SATA кәбілдерін SATA қатқыл диск қуат көзі ажырандыларына қосыңыз.
 - Қажет болса тиісті PCI-Express кәбілдерін PCI-Express бейнекартасындағы қуат көзі ажырандысына қосыңыз.
 - Шеткері құрылғылардың қуат көзі кәбілдерін кішкентай 4 түйіспелі ажырандысы бар кез келген шеткері құрылғыларға қосыңыз.
 - Барлық кәбілдердің сенімді қосылғанына көз жеткізіңіз.
6. Айнымалы ток қуат көзі кәбілін қуат көзі блогына қосыңыз және ажратқышты «ON» қалпына келтіріп (ол «I» таңбасымен белгіленген) оны қосыңыз.

Пайдалану ортасына қойылатын талаптар

- Жұмыс температурасы: $+10^{\circ}\text{C} \sim +50^{\circ}\text{C}$.
- Сақтау температурасы: $-40^{\circ}\text{C} \sim +70^{\circ}\text{C}$.
- Жұмыс ылғалдылығы (конденсациясыз): $20\% \sim 85\%$ салыстырмалы ылғалдылық.
- Сақтау үшін ылғалдылық (конденсациясыз): $5\% \sim 95\%$ салыстырмалы ылғалдылық.

Маңызды ерекшеліктер


- Сипатталған қуат көзі блогы — бұл дербес компьютердің жеке компоненті болып табылады. ҚКБ жеткілікті электромагниттік экрандауы бар жүйелік блоктың металл корпусына орнатылуы тиіс. Орнату кезінде сақ болу қажет және тек қана 6#-32*6L бұраншегелерін пайдалану керек.
- Құрылғының қорғау сыныбы 1, қорғаныштық жерге тұйықтау тікелей металл корпусына қосылған. Орнату кезінде қуат көзі блогы дұрыс орнатылғанына көз жеткізіңіз.
- Қуат көзі блогы 220-240 В, 50/60 Гц желісінде пайдалануға арналған. Құрылғыға ылғалдың түсуіне жол бермеңіз және құрылғыны ылғалдылығы жоғары үй-жайларда қолданбаңыз. ҚКБ қуаттылығы температура жоғарылаған кезде төмендейтінін естен шығармаңыз.
- Токтың кемуі 3.5 мА аспауы тиіс.
- Қуат көзі блогын орнатқанда жетілікті желдетуді қамтамасыз етуге ерекше назар аударыңыз. Салқындату желдеткішімен тікелей байланыс жасауға тыйым салынған.
- Құрастыру кезінде ДК энергия тұтынуын ескеру қажет. Әр түрлі конфигурациялар әр түрлі энергия мөлшерін тұтынады. Егер жалпы энергия тұтыну ҚКБ қуатынан асып кетсе, онда ДК тиісті жұмыс істемейді немесе мүлдем жұмыс істемейді.

Қорғау



Қуат көзі блогы төменде көрсетілген барлық қорғау сызбаларымен жабдықталған:

- UVP (Under Voltage Protection) — шығу кернеулерінің шөгуінен қорғау.
- OVP (Over Voltage Protection) — шығу кернеулері бойынша блоктың кернеуінің (шығу кернеулерінің артуынан) шамадан тыс жүктемеден қорғау.
- SCP (Short Circuit Protection) — блок шығысында қысқа тұйықталудан қорғау.
- OPP (Over Power Protection) немесе OLP — барлық арналар (ажырандылар) бойынша жиынтық қуат бойынша шамадан тыс жүктемеден қорғау.


Коннекторлар мен кәбілдердің сызбалары



Коннекторлар мен кәбілдердің сызбалары



SATA



P5
P4 Қара
P3 Қызыл
P2 Қара
P1 Жасыл

4 pin MOLEX



P4 Қызыл
P3 Қара
P2 Қара
P1 Сары

FDD




P4 Қызыл
P3 Қара
P2 Қара
P1 Сары

8 pin (4+4)



P1 Қара
P2 Қара
P3 Қара
P4 Қара
P5 Сары
P6 Сары
P7 Сары
P8 Сары

8 pin (6+2)



P1 Сары
P2 Сары
P3 Сары
P4 Қара
P5 Қара
P6 Қара
P7 Қара
P8 Қара

Техникалық сипаттамалары

Жалпы параметрлер	
Үлгісі	DPS-450
Түсі	Сұр
Корпус материалы	SECC
Қалып факторы	ATX 12 В, нұсқа 2.31
Негізгі сипаттамалары	
Салқындату жүйесі	Белсенді
Желдеткіштердің өлшемі	12 см x 12 см
Негізгі қуат көзі ажырандысы	20 + 4 pin
Процессордың қуат көзі ажырандылары	4 + 4 pin
Бейнекартаның қуат көзі ажырандылары	6 + 2 pin
12-pin SATA ажырандыларының саны	4
4-pin Molex ажырандыларының саны	2
4-pin Floppy ажырандыларының саны	1
Аналық тақта қуат көзі кәбілінің ұзындығы	350 мм
Процессордың қуат көзі кәбілінің ұзындығы	350 мм
VGA кәбілінің ұзындығы	350 мм
SATA кәбілінің ұзындығы	350 мм
Кіру, шығу	
Кіру	220-240 В, 50-60 Гц, 4,5 А
Шығу	450 Вт
Желі бойынша ток +12 В	Макс. 33 А
Желі бойынша ток -12 В	Макс. 0.3 А
Желі бойынша ток +5 В	Макс. 15 А
Желі бойынша ток +3.3 В	Макс. 16 А
Өлшемдері	
Ені	150 мм
Ұзындығы	140 мм
Биіктігі	86 мм

Монтаждау, сақтау, тасымалдау (тасу), өткізу және кәдеге жарату қағидалары мен шарттары

- Құрылғыны орнату осы нұсқаулықтың тиісті бөлімінде сипатталған.
- Құрылғы өндіруші мен тұтынушының жылытылатын үй-жайларында ауа температурасы 5 °C-тан 40 °C-қа дейін және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 80% - дан аспайтын жағдайда қаптамада сақталуы тиіс. Үй-жайларда коррозия тудыратын жемір қоспалар (қышқылдардың, сілтілердің бұлары) болмауы тиіс.
- Құрылғыны тасымалдау құрғақ ортада жүзеге асырылуы тиіс.
- Құрылғы ұқыпты пайдалануды талап етеді, оны шаңның, ластанудың, соққылардың, ылғалдың, оттың және т.б. әсер етуінен қорғаңыз.
- Құрылғыны өткізу жергілікті заңнамаға сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Бұйымның қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін оны кәдімгі тұрмыстық қоқыспен бірге тастауға болмайды. Оның орнына ол федералдық немесе жергілікті заңнамаға сәйкес кейіннен қайта өңдеу және кәдеге жарату үшін тиісті электр және электронды жабдықты қабылдау орнына тапсыруға жатады. Осы өнімнің дұрыс кәдеге жаратылуын қамтамасыз ете отырып, сіз табиғи ресурстарды сақтауға көмектесесіз және лайықсыз қолдану жағдайында қоршаған орта мен адамдардың денсаулығы үшін орын алуы мүмкін залалдың алдын аласыз. Осы өнімді қабылдау және кәдеге жарату орындары туралы толығырақ ақпаратты жергілікті муниципалдық органдардан немесе тұрмыстық қоқысты шығару бойынша кәсіпорыннан алуға болады.
- Құрылғының ақаулығы анықталған кезде дереу авторландырылған қызмет көрсету орталығына жүгіну немесе құрылғыны кәдеге жарату керек.

Қосымша ақпарат

Өндіруші: Дунгуань Хуэйчэн Электроникс Тэкнолоджи S&T Ко, Лтд.
Байхао өнеркәсіптік паркі, Хоуцзе, Дунгуань қ., Гуандун пров., Қытай.
Қытайда жасалған.

Импорттер / юр. лицо, принимающее претензии в Казахстане: ТОО «ДНС КАЗАХСТАН», г. Нур-Сұлтан, р-н Сарыарка, пр-т Сарыарқа, зд. 12, Казахстан.
Импорттаушы / Қазақстанда шағымдар қабылдайтын заңды тұлға: «DNS QAZAQSTAN (ДНС ҚАЗАҚСТАН)» ЖШС, Нұр-Сұлтан қаласы, Сарыарқа ауданы, Даңғылы Сарыарқа, ғимарат 12, Қазақстан.

Тауар Кедендік одақ техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді:

- 004/2011 КО ТР «Төмен вольтты жабдықтың қауіпсіздігі туралы»;
- 020/2011 КО ТР «Техникалық құралдардың электромагниттік үйлесімділігі».

Тауар «Электротехника және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттарды қолдануды шектеу туралы» 037/2016 ЕАЭО ТР Еуразиялық экономикалық одақ техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді.

Бұйымның сыртқы түрі, интерфейсі, сипаттамалары және оның жиынтықтамасы алдын ала ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

Интернеттегі мекенжайы: www.dex.p.club



Өндірушінің келесі жағдайларда кепілдіктік міндеттемелері жоқ:

- Кепілдік мерзімі өтіп кеткенде.
- Егер жеке (тұрмыстық, отбасылық) қажеттіліктер үшін арналған бұйым кәсіп керлік қызметті жүзеге асыру үшін, сондай-ақ оның тікелей арналуына сәйкес келмейтін өзге мақсаттарда пайдаланылса.
- Өндіруші пайдалану кезінде пайдаланушы нұсқаулығының талаптарын бұзу, бұйымды орнату және қызмет көрсету бойынша ұсынымдарды, қосу ережелерін (сондай-ақ сәйкес келмейтін желілік кернеудің бұйымның өзіне және онымен түйіндескен бұйымдарға әсер етуі нәтижесінде орын алған қысқа тұйықталу), бұйымды сақтау және тасымалдау ережелерін сақтамау салдарынан бұйымның иелеріне және/немесе үшінші тұлғаларға келтірілген ықтимал материалдық, моральдік және өзге зиян үшін жауапты емес.
- Механикалық зақымданудың барлық жағдайлары: бұйымды пайдалану барысында орын алған кетіктер, жарықтар, деформациялар, соққылардың іздері, майысулар, жаншылулар және т.б.
- Бөтен түрлендірудің, осындай жұмыстарды жүргізу үшін өкілеттігі жоқ тұлғалармен рұқсат етілмеген жөндеудің іздері болғанда.
- Егер ақау бұйымның құрастырмасының немесе сызбасының өзгертілуінен, Өндірушімен көзделмеген сыртқы құрылғыларды қосудан, Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес сәйкестік сертификаты жоқ құрылғыны пайдаланудан туындаса. Егер бұйымның ақауы еңсерілмейтін күштің әсерінен (табиғи апаттар, өрт, су тасқыны, жер сілкінісі, Өндірушіге тәуелсіз тұрмыстық факторлар және өзге жағдайлар) немесе Өндіруші болжай алмайтын үшінші тұлғалардың әрекеттерінен туындаса. Ақау бұйымның толықтай немесе ішінара істен шығуына әкелген бұйымның ішіне бөгде заттардың, бөтен денелердің, заттардың, сұйықтықтардың, жәндіктердің немесе жануарлардың түсуінен, агрессивтік ортаның, жоғары ылғалдылықтың, жоғары температура-лардың әсерінен туындаса.
- Бұйымның сәйкестендіруі (сериялық нөмірі) жоқ немесе сәйкес келмейді. Егер зақымданулар (кемшіліктер) зиян келтіретін бағдарламалық жасақтаманың әсерінен; бұйымның бағдарламалық ресурстарына қолжетімділіктің жоқтығына әкеліп соққан, БЖ жеткізушісімен осындай қызметті беру болмағандықтан оларды бастапқы қалпына келтіру/қалпына келтіру мүмкіндігісіз құпиясөздерді (кодтарды) орнату, ауыстыру немесе жоюдан туындаса.
- Егер жұмыстың ақаулары қуаттаушы, кәбілдік, телекоммуникациялық желілердің стандарттарына немесе техникалық регламенттеріне, радиосигнал қуатына сәйкес-сіздіктен, оның ішінде жер бедерінің ерекшеліктеріне және өзге сыртқы факторларға, бұйымды желінің әсер ету шекарасында немесе аймағынан тыс пайдалануға байланы-сты туындаса.
- Егер зақымданулар стандартты емес (түпнұсқалық емес) және/немесе сапасыз (зақымдалған) шығыс материалдарын, керек-жарақтарды, қосалқы бөлшектерді, қуаттау элементтерін, түрлі үлгідегі ақпарат тасымалдағыштарын (оның ішінде CD, DVD дисктері, жад карталары, SIM карталары, картридждер) пайдаланудан туындаса.
- Егер кемшіліктер үйлесімсіз контентті (әуендер, графика, бейне және басқа файлдар, Java қолданбалары және оған ұқсас бағдарламалар) алу, орнату және пайдаланудан туындаса.
- Осы бұйыммен түйіндесе жұмыс істейтін басқа жабдыққа келтірілген залалға.



Кепілдік талоны

SN/IMEI: _____

Кепілдікке қою күні: _____

Өндіруші бүкіл кепілдік мерзімі ішінде құрылғының үздіксіз жұмыс істеуіне, сондай-ақ материалдары мен құрастырылуында ақаулардың болмауына кепілдік береді. Кепілдік кезеңі бұйымды сатып алу сәтінен бастап есептеледі және тек жаңа өнімдерге қолданылады.

Кепілдікті қызмет көрсетуге бұйымды пайдаланушы нұсқаулығына сәйкес пайдалану жағдайында кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кінәсінен емес істен шыққан элементтерді тегін жөндеу немесе ауыстыру кіреді. Элементтерді жөндеу немесе ауыстыру уәкілетті қызмет көрсету орталықтарының аумағында жүргізіледі.

Кепілдік мерзімі: 12 ай.

Пайдалану мерзімі: 24 ай

Қызмет көрсету орталықтарының өзекті тізімі мына мекенжай бойынша:
<https://www.dns-shop.ru/service-center/>

Кепілдіктік міндеттемелер мен тегін сервистік қызмет көрсету тауардың жиынтықтылығына кіретін төменде келтірілген керек-жарақтарға қолданылмайды, егер олардың ауыстырылуы бұйымды бөлшектеумен байланысты болмаса:

- ҚБП (қашықтықтан басқару пультіне) арналған қуаттау элементтері (батареялар).
- Жалғағыш кәбілдер, антенналар және оларға арналған жалғастырғыш тетіктер, құлаққаптар, микрофондар, «HANDS-FREE» құрылғылары; түрлі үлгідегі ақпарат тасымалдағыштар, жиынтықта жеткізілетін (бұйымның қатты магниттік дискілеріндегі тасымалдағышқа алдын ала орнатылған БЖ қоса алғанда, бірақ шектелмей), бағдарламалық жасақтама (БЖ) және драйверлер, енгізу-шығарудың сыртқы құрылғылары және манипуляторлар.
- Тысқаптар, сөмкелер, белдіктер, тасымалдауға арналған баусымдар, монтаждық керек-жарақтар, саймандар, бұйымға қоса берілетін құжаттама.
- Табиғи тозуға ұшырайтын шығыс материалдары мен бөлшектері.



www.dexp.club